

Ақмола облысы білім
басқармасының
Аршалы ауданы бойынша
білім бөлімі Аршалы кентінің
№1 жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ

КГУ «Общеобразовательная
школа №1 поселка Аршалы
отдела образования по
Аршальскому району
управления образования
Акмолинской области»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

« 15 » шілде 2024 года № 73

2024-2025 оқу жылының
басталу және аяқталу мерзімдерін,
сондай-ақ білім алушылардың
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) , Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына сәйкес, Ақмола облысы білім басқармасының Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ басшысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 258-Б бұйрығын басшылыққа ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

2024-2025 оқу жылының басталуы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленсін.

1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:

- 1- тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
- 2- тоқсан 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
- 3- тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21 - 31 наурызды қоса алғанда);
- 1- сыныптарда қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпанды қоса алғанда).
- 4-тоқсан 8 оқу аптасы.

2.Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) –сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары -2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;

11 (12) –сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары -2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

3. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін

9 (10) –сынып оқушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) қазақ тілі / орыс тілі білім беретін мектептер үшін ана тілі /оқыту тілі/ бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – жазбаша жұмыс (эссе, мақала) 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет /оқу тілі бойынша/ , шет тілі /ағылшын/, информатика)- 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде қазақ тілі сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12) –сынып оқушылары үшін :

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан- 2025 жылғы 3 маусым;
- 3) қазақ тілі / орыс тілі бойынша білім беретін мектептер/ сыныптар үшін ана тілі /оқыту тілі/ бойынша жазбаша емтихан – жазбаша жұмыс 2025 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет /оқу тілі бойынша/ , шет тілі /ағылшын/, информатика)- 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) орыс тілінде оқытатын мектептерде /сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан- 2025 жылғы 13 маусым;
- 6) Осы бұйрықтың орындалуы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Д. Бакировке жүктелсін.
- 7) Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Негіз: «Аршалы ауданы бойынша білім бөлімі» ММ басшысының 2024 жылғы 12 шілдедегі № 258-Б бұйрығы.

Мектеп директоры:



А.Мухамедина